

Сәуірдегі валюта нарығындағы жағдай туралы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Әлия Молдабекованың негізгі тезистері

Әлемдік экономиканың біркелкі қалпына келе алмауы мен белгісіздік жағдайында мұнай бағасының динамикасы екіұшты болып қала береді.

Сыртқы нарықтардағы жағдай туралы

Сәуірде вакциналардың біркелкі бөлінбеуінің салдары айқын байқала бастады: егер Үндістан мен Түркияда Covid-19-ға қатысты жаңа жағдайлардың көрсеткіші рекордтық деңгейде артуына байланысты қатаң карантиндік жағдайлар енгізілсе, Израильде, АҚШ пен Ұлыбританияда ауқымды вакцинациялау науқаны – енгізілген шектеулерді біртіндеп алып тастауға мүмкіндік берді.

Әлемдік экономиканың қалпына келуі де біркелкілігін жоғалтқандай: 2021 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша, АҚШ-та экономиканың өсуі – 6,4%, Еуроаймақта – (-)0,6%, Қытайда – 0,6% болды. Биыл жаһандық экономикалық өсудің негізгі драйверлері АҚШ пен Қытай болады деген болжам бар.

АҚШ-та экономика қарқын алып, инфляция жеделдігінің оң белгілеріне қарамастан, АҚШ қазынашылық облигациялары кірісінің өсуі сәуірде сәл саябырсып қалды. Бұл ретте ФРЖ басшысы Дж. Пауэлл пандемиядан барынша зардап шеккен секторлардың біртіндеп қалпына келуіне және жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауына байланысты экономиканың ұзақ қалпына келуі туралы түсіндіріп беріп жатқан. Облигациялар бойынша 10 жылдық кірістілік наурыздың соңындағы рекордтық мәндерден 1,63%-ға дейін 10 базалық тармаққа шегінді. Осыған орай, АҚШ долларының дамыған елдердің валюталарына қарсы позициясы әлсіреп, DXY индексі бір айда 2,1%-ға төмендеді.

Көптеген сарапшылардың пайымдауынша, экономиканы 4 трлн АҚШ долларымен қолдау туралы АҚШ Президентінің жоспары аясында кірістіліктің өсуі жуырда қайта қалпына келуі мүмкін. Бұған дейін Дж. Байден инфрақұрылымдық шараларға деп 2,25 трлн АҚШ долларын бөлген болатын. Енді қосымша америкалық отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған 1,8 трлн АҚШ долларына жоспардың екінші бөлігін жариялағанын еске салар едім.

АҚШ-тың қор индекстері COVID-19-ға қарсы вакцинация мен S&P 5,2%-ға, Nasdaq 5,5%-ға, Dow Jones 2,7%-ға өскені сияқты фискалдық ынталандыру шаралары туралы жағымды жаңалықтар аясында өсетінін көрсетті.

Дж. Байден ұсынған қосымша ынталандырушы фискалдық шаралар, сондай-ақ АҚШ ФРЖ-ның 2022 жылға дейін жеңіл ақша-кредит талаптарын сақтау туралы уәдесі АҚШ МБҚ-ның инфляциясы мен кірістілігінің өсуі бойынша күтулерді күшейтеді, бұл ЕМ нарығы үшін негізгі тәуекел-факторлардың бірі саналады.

Дамушы нарықтар валюталарының серпіні сәуірде көп бағытты болды: үнді рупиясы мен түрік лирасы Covid-19-дың ұлғаюы аясында бір айда 1,3%-ға және 0,9%-ға әлсіреді, ал Бразилия реалы Бразилия бюджетіне қатысты саяси келіспеушіліктерді шешкеннен кейін 3,4%-ға нығайды. Ресей рублі сәуір басында Ресей-Украина қатынасындағы шиеленістің күшеюіне және батыс елдері тарапынан санкциялар ықтималдығының артуына байланысты 2,35%-ға айтарлықтай әлсіреді. Алайда, АҚШ-тың қаржы мекемелеріне ОФЗ-ны бастапқы орналастыруға қатысуға тыйым салу бойынша күтілетін санкциялардың орын алуы, сондай-ақ РФ ОБ базалық мөлшерлемесін 5%-ға дейін бірден 50 базалық тармаққа көтеруі бір айда АҚШ долларына қарағанда 75,2 деңгейіне дейін 0,46%-ға нығайған рубльге қолдау көрсетті.

Эталон сұрыпты мұнай бағасының динамикасы туралы

Мұнай нарығы құбылмалылықпен сипатталды. Сәуірде Brent сұрыпты мұнайдың бағасы барреліне 63,54 АҚШ долларынан 67,25 АҚШ долларына дейін 5,8%-ға өсіп, наурыздың ортасында қол жеткізілген ең жоғары мәндерге оралды. Мұнайға баға белгілеу, бұрынғыша, әлемдік қоғамдастықтың коронавирустық инфекцияға қарсы күресі және әлемдік экономиканың қалпына келу қарқыны аясында нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа қатты тәуелді.

Кейбір алпауыт елдерде вакцина егілгендер санының артуы энергия тұтынуды ұлғайтудың жалғасуына қатысты оптимизмді тудырады. АҚШ-тың жекелеген штаттары халықтың 40%-дан астамына вакцина егілгендіктен карантиндік шектеулерді жеңілдетуге көше бастады. АҚШ Президенті Дж. Байден айтқан мақсаттарға сәйкес, 4 шілдеге қарай ересек тұрғындардың 70%-на вакцина егу жоспарлануда. Сонымен қатар Еуропалық комиссия «эпидемиологиялық ахуалы жақсы» елдерден келген және COVID-19-ға қарсы вакцина егілген адамдарға ЕО-ға кіруге рұқсат етуді ұсынды. Вакцина егілгендер санының өсуі, сондай-ақ карантиндік шектеулердің әлсіреуі сапарлар мен саяхаттауларға қатысты кейінге қалдырылған туристік сұранысты іске асыруға мүмкіндік береді.

Апта сайын коммерциялық мұнай қорларының өзгеруі жөніндегі деректерді жариялайтын АҚШ Энергетика Ақпараттық Агенттігінің (EIA) деректері бойынша, сәуірде АҚШ-тағы мұнай қорының нетто төмендеуі шамамен 8,7 миллион баррель болды, ал өткен аптада тағы 8 миллион баррельге төмендеді, бұл сарапшылардың күткенінен жақсы болды және

отынға сұраныстың қалпына келуін көрсетеді. Мамыр айының басынан бері мұнай бағасы бір баррель үшін 68,8 долларға дейін 2,3%-ға өсті.

Соған қарамастан, мұнай бағасын төмендететін қауіп факторлары әлі де сақталып отыр. Сәуір айының соңында, ай сайынғы отырыста ОПЕК+ елдері ай басында мамыр-шілде айларында өндірісті біртіндеп арттыру туралы шешімін сақтап қалды. Әлем бойынша өңделмеген мұнайды импорттаушы үшінші алып ел – Үндістандағы қазіргі эпидемиялық ахуал да едәуір қауіп тудырып отыр. АҚШ пен Иран арасындағы ядролық бағдарлама бойынша мәмілені ілгерілету шамасына қарай Иран тарапынан экспортты әлеуетті ұлғайту да нарыққа қосымша қысым көрсетті.

Мұнай бағасының өсуі аясында ұлттық валютаның динамикасы туралы

Теңге бағамына мұнай бағасын белгілеуден бөлек АҚШ долларының жаһандық құны, Қазақстанның сауда әріптестері елдерінің валюта бағамдары, резидент еместердің тәуекел дәрежесі, сондай-ақ ішкі факторлардың өзгеруі ықпал етеді. Осы факторлардың жиынтығы теңге бағамына қысым көрсетіп, ол мұнай бағасы өсуінің оң әсерін теңестірді.

Теңге бағамының әлсіреу үрдісі сәуірдің басында қалыптасты және бейрезиденттердің ҚР МБҚ-на инвестицияларының қысқаруына байланысты болды. Егер наурызда МБҚ-ға жаңа инвестициялардың көлемі ғана қысқарса, сәуірде нетто-экстуді байқадық, және бейрезиденттердің ҚР МБҚ жалпы позициялары 248 млн АҚШ долларына қысқарды.

Айдың бірінші жартысында мұнайға баға белгілеу мен Ресей рублінің құбылмалығы қосымша қысым көрсетті. АҚШ-тың РФ-ға қатысты санкциялық риторикасының күшеюі Ресей рублі бағамының 77,4 белгіге дейін әлсіреуіне әсер етті. Нәтижесінде, сәуірдің ортасында теңге бағамы 2%-ға әлсіреп, бір доллар үшін ең жоғары деңгей – 433,55 теңгеге жетті.

Айдың екінші жартысының қорытындысы бойынша, теңге 428,75-ке дейін нығайып, алдыңғы шығындарды ішінара өтеді. Мұнайға баға белгілеудің өсуі және экспорттаушылардың айдың соңындағы салық төлемдері ұлттық валютаның оң серпініне әсер етті.

Бюджетке трансферттер бөлу аясында Ұлттық қордан валютаны сату және квазимемлекеттік сектор тарапынан экспорттық түсімді сату – валюта нарығына қолдау көрсетуін жалғастырды. Сәуірде квазимемлекеттік сектордың сатылымы 175 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банк тарапынан интервенция болған жоқ.

Экономикалық белсенділіктің қалпына келуі аясында Қазақстан биржасындағы теңге-доллар жұбы бойынша сауда-саттық көлемі өсе түскенін айтып кеткен жөн: егер қаңтарда сауда-саттық көлемі 2,2 млрд АҚШ долларын құраса, сәуірде ол 2,84 млрд АҚШ долларына дейін өсті.

Мамыр айының басынан бастап мұнай бағасының өсуі аясында теңге бір доллар үшін 426,14 теңге деңгейіне дейін 0,6%-ға нығайды.

ҚРҰБ алтын-валюта активтерінің жағдайы туралы

Алдын ала деректер бойынша, алтынвалюта резервтері бір айда 690 млн АҚШ долларына ұлғайып, биылғы 30 сәуірде 34,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Алтын портфелі 1,3 млрд АҚШ долларына өскенде резервтер де молая түсті. АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің құлдырауы есебінен бағалы металл құнының өсуі қалпына келді, сәуірде баға бір унция үшін 1685 АҚШ долларынан 1769 АҚШ долларына дейін немесе 5,0%-ға артты.

Алтын бағасы тым құбылмалы екенін әлі де көрсетіп келеді. Мамырдың басынан бастап АҚШ-тағы еңбек нарығы бойынша әлсіз деректердің шығуы және доллардың әлсіреуі аясында алтын бағамы бір унция үшін 1840 доллардан асты.

Еркін айырбасталатын валютадағы активтер 635 млн АҚШ долларына төмендеді, оған ЕДБ-ның Ұлттық Банктегі салымдарының 472 млн АҚШ долларына азаюы және 88 млн АҚШ долларына мемлекеттік қарызды төлеуі негізгі себеп болды.

Ұлттық қордағы активтердің динамикасы туралы

Ұлттық қордың валюталық активтері, алдын ала деректер бойынша, бір айда 530 млн АҚШ долларына ұлғайып, 57,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Инвестициялық кірістің арқасында Ұлттық қордың көлемі де еселене түсті. Облигациялар нарығының қалпына келуі мен акциялар нарығының үздіксіз өсуі арқасында ол сәуір айының нәтижелері бойынша 1,1 млрд АҚШ долларына жетті. Мәселен, сәуірде акциялар портфелінің өсуі шамамен 700 млн АҚШ долларын, облигациялар портфелі 300 млн АҚШ долларын және алтын портфелі 100 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен бірге Ұлттық қор активтерінің өсуіне қорға түсетін түсімдер ықпал етті, олар сәуірде 122 млрд теңгені, оның ішінде шетелдік валютада шамамен 200 млн АҚШ долларына шамаласты. Жыл басынан бастап қорға келіп түскен қаражат көлемі 394 млрд теңгеге тең болды.

Ұлттық қордан бюджетке кепілдендірілген және нысаналы трансферттер көлемі 333 млрд теңгені құрады. Оны жүзеге асыру үшін валюта нарығында Ұлттық қордан 788 млн АҚШ долларына активтер сатылды.

Биыл ұлттық валюта үшін сақталатын сын-қатерлер туралы

Сыртқы сын-қатерлерге келсек, дамыған елдердегі ақша-кредит талаптарының күшеюі – дамушы елдерден шығатын бейрезиденттердің портфельдік инвестицияларын әкетуі мүмкін. ҚР қаржы нарығының әлемдік

капитал ағынына қатысуы да инвесторлар сентиментінің күрт өзгеруі, яғни ҚР МБҚ-на бейрезиденттердің келуі мен кетуі жағдайында теңге бағамы үшін сын-қатерлер туғызады. Қазіргі уақытта халықаралық инвесторлардың назары АҚШ-тағы жеңіл монетарлық талаптардың қысқару сәтін бағалауға бағытталған. Бұл ретте АҚШ ФРЖ-ның кейбір өкілдері бұл мәселелер халықты вакциналау 75%-ға жеткенде қарала бастауы мүмкін деп санайды.

Сондай-ақ, теңгенің айырбас бағамына әсер ететін негізгі сыртқы сын-қатерлерге – бірқатар ірі дамушы елдердегі коронавирус инфекциясының таралуын, соның салдарынан әлемдік экономикалық өсімнің қалпына келудегі тұрақсыздығын, мұнай бағасының құбылмалылығын және ең ірі сауда серіктесі - Ресейге қатысты санкциялардың қаупін жатқызуға болады.

Теңге бағамы үшін ішкі сын-қатерлерге – төлем балансының ағымдағы шотында сақталып отырған тапшылықты жатқызуға болады. Шетел валютасына қосымша сұраныс экспорттың өсуіне, сондай-ақ сыртқы міндеттемелерді өтеу қажеттілігіне байланысты болуы мүмкін.

Жалғасып жатқан вакцинация мен әлемдік экономиканы қалпына келтіру – энергия ресурстарына орнықты сұранысты қалыптастырудың негізгі алғышарттары болып табылады, бұл, өз кезегінде, теңгенің бұдан былайғы серпіні үшін айқындаушы факторға айналмақ.